

ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ ИНДУСТРИЯСЫН ҚОЛДАУ ҚОРЫ КОРПОРАТИВТІК ҚОРЫ

# SPORT QORY

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП | ГОДОВОЙ ОТЧЕТ



info@cfsport.kz  
+7 (7172) 95-40-17

# 2023



**SAMRUK**  
K A Z Y N A

**GENERAL PARTNER**



**ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ**  
**МИНИСТРАЛІГІ**

# МАЗМҰНЫ | СОДЕРЖАНИЕ

2

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ермек Маржықпаевтың сөзі  
*Обращение Председателя попечительского совета Эрмека Маржықпаева*

4

Қордың бас директоры Асхат Сейсембектің сөзі  
*Обращение генерального директора Фонда Асхата Сейсембек*

6

Қор туралы | *О фонде*

7

Тапсырмалар & Принциптер | *Задачи & Принципы*

8

Сандар | *Цифры*

## ЖОБАЛАР | ПРОЕКТЫ

13

Олимпиадалық спорт түрлері | *Олимпийские виды спорта*

46

Инклюзивті спорт | *Инклюзивный спорт*

58

Олимпиадалық емес спорт түрлері | *Неолимпийские виды спорта*

69

Ұлттық спорт түрлері | *Национальные виды спорта*

78

Бұқаралық спорт түрлері | *Массовые виды спорта*

86

Жарақтандыру жобалары және өзге де жобалар  
*Проекты оснащения и прочие проекты*

89

Кәсіби спорт | *Профессиональный спорт*

92

Кәсіби клубтар | *Профессиональные клубы*

98

Қордың қаражатты бөлуі | *Распределение средств*



## **ЕРМЕК МАРЖЫҚПАЕВ**

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы**

*Председатель Попечительского совета*



### **Құрметті әріптестер мен серіктестер!**

2023 жылдың қорытындысын шығара отырып, Қазақстан Республикасының спортты дамытуға қосқан үлесі мен ынтымақтастығы үшін баршаңызға шын жүректен алғысымды білдіремін.

Өткен жыл бай және нәтижелі болды – бокстан Қазақстан ұлттық құрамасы Ташкентте өткен Әлем чемпионатында 4 алтын және 1 күміс медаль жеңіп алды, еркін күрес шебері Ризабек Айтмұхан ел тарихында тұңғыш рет Әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Қазақстан футбол құрамасы Еуро-2024 іріктеу кезеңі аясында сәтті өнер көрсетіп, Дания, Финляндия және Солтүстік Ирландия құрамаларын айқын жеңді. Бұл нәтижелер қазақстандықтар үшін біріктіруші күшке айналды және бәрімізге отандастарымыздың есте қаларлық жеңістерінен қуаныш сыйлады, осылайша спорт саласының күшін тағы да көрсетті.

Өткен жылдың негізгі спорттық форумы жазғы Азия ойындары мен Қытайда өткен Ханчжоу пара ойындары болды. Әрине, Sport Qory шетте қалмады және Ұлттық Олимпиада комитетіне, Ұлттық паралимпиада комитетіне, федерациялар мен қауымдастықтарға кешенді жарысқа дайындалу және қатысу үшін қолдау көрсетті.

Бүгінгі таңда Sport Qory спортшыларды, жаттықтырушыларды даярлау жүйесіндегі маңызды рөл атқарады және Республика аумағында ірі спорттық іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етеді. Қордың қолдауымен есепті кезеңде 20 халықаралық спорттық жарыс өтті. Қордың қолдауына ие болған спортшылар 1500-ден астам медаль жеңіп алды, Париж олимпиадасына 4 лицензия, сондай-ақ Паралимпиадаға 1 лицензия иеленді.

Sport Qory қызметінің негізгі бағыттарының бірі балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту екенін атап өткім келеді. 2023 жылы «Ынтымақтастық тетігі» бағдарламасы аясында 39 спорт ұйымы алынған қаражатты балалар мен жасөспірімдер спортына пайдаланды, бұл 1,6 миллиард теңгеден астам, яғни спорт ұйымдарына көрсетілген қолдаудың 20 пайызы. Осы бағдарлама арқылы балалар мен жасөспірімдерге спорттық жабдықтар мен құралдар сатып алынды, жарыстарға қатысу қамтамасыз етілді, халықаралық турнирлер, оның ішінде 15 және 17 жас аралығындағы оқушылар арасында тоғызқұмалақтан Әлем чемпионаты, грэпплингтен Азия чемпионаты, жасөспірімдер мен кадеттер арасында джиу-джитсудан Әлем чемпионаты, U14 жасындағы жасөспірімдер арасында джиу-джитсудан Әлем Кубогы, биатлоннан жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионаты, жеңіл атлетикадан Азия чемпионаты өтті.

Ұлттық спорт түрлеріне жеке тоқталсам: 2022 жылмен салыстырғанда оларды қаржыландыру 14%-ға ұлғайды. Қордың көмегімен «Қазақстан Барысы» республикалық турнирі, қазақ күресінен «Дала қырандары» турнирі, құсбегілік бойынша Азия чемпионаты, тоғызқұмалақтан Азия және Әлем чемпионаты өтті. Екінші жыл қатарынан «Ұлы Дала Жорығы» атты марафонға қолдау көрсетілді, сондай-ақ 2024 жылы Астанада өтетін 5th World Nomad Games – көшпенділер ойындарына қолдау көрсетілді.

Алда Париждегі Олимпиада және Паралимпиада ойындары күтіп тұр. Төртжылдықтың басты стартына спорт саласы қызметкерлерінің назары ауды. Әрине, біз спортшыларға, жаттықтырушыларға, мамандар мен функционерлерге қажетті қолдау көрсету және жағдай жасау үшін Sport Qory әлеуетін барынша пайдаланамыз.

Құрметті әріптестер мен серіктестер, біз Париждегі ойындарда олимпиадалық және паралимпиадалық құрамалардың ойдағыдай өнер көрсетуі үшін бар күшімізді саламыз және 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ұйымдастыруда жаңа стандарттар қоямыз деп сенемін.

Баршаңызға жарқын спорттық жеңістер тілеймін!



## **АСХАТ СЕЙСЕМБЕК**

**Қордың Бас директоры**

*Генеральный директор Фонда*



### **Құрметті серіктестер мен әріптестер!**

Сіздердің назарларыңызға Қордың 2023 жылы атқарған жұмысын көрсететін және спорт ұйымдары мен кәсіби клубтардың нәтижелерін айқындайтын қорытынды есеп беру журналын ұсынамыз.

Өткен 12 айда Sport Qory қайырымдылық көмекке 134 өтінішті қарады және Қордың Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің шешімі бойынша 81 жобаға қолдау көрсетілді.

2023 жылы олимпиадалық (54%), инклюзивті (365%), ұлттық (14%) және бұқаралық спорт түрлерін (17%) қаржыландыру ұлғайтылды. 34 спорт ұйымы спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Инклюзивті спортқа көп көңіл бөлінді. 11 мамандандырылған жобаға 500 миллион теңгеден астам қаржы бөлінді. Олардың қатарында боччадан Қазақстан Кубогы, «Жұлдызай-23» Ұлттық инклюзивті ойындары, пара дзюдодан Азия чемпионаты, отыру волейболынан Азия чемпионаты, сондай-ақ Азия пара ойындарына қатысу бар.

Спорт клубтарының көрсеткіштері туралы – «Барыс» хоккей клубы Қазақстан ұлттық құрамасы мен U18, U20 құрамалары үшін базалық клуб, бұл құрамалар бір маусым шеңберінде алғаш рет әлем чемпионаттарының элиталық дивизионында өнер көрсетеді. Сондай-ақ, 2022/23 маусымда клуб тәрбиеленушілері Қазақстан чемпионаттарында өздерінің жас санаттарында барлық бірінші орындарға ие болғаны қуантады.

«Астана» футбол клубы 4 жылдан кейін УЕФА конференциялар Лигасының топтық кезеңіне оралып, жанкүйерлер «күз мезгіліндегі еуропалық футбол» атмосферасын қайта сезінді. Клуб ойыншылары өткен жылы жақсы нәтиже көрсеткен футболдан ұлттық құраманың негізгі ойыншылары атанып, жоғары нәтижелер көрсетті.

Ал «Астана» баскетбол клубы Батыс Азия Суперлигасының қола жүлдегері және Ұлттық лиганың жеті дүркін чемпионы атанды.

Astana Qazaqstan Team велокомандасының шабандоздары Азия ойындарында 2 алтын және 1 күміс медаль жеңіп алды.

Фонд қызметі шеңберінде Бірыңғай оператор қызметінің 2023-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жалғасты: пилоттық режимде Бірыңғай оператордың бизнес-процестерін автоматтандыруға арналған SQnet электрондық платформасы іске қосылды. Жүйе өтініш берудің ыңғайлы және жедел процесін қамтамасыз етеді, сондай-ақ ашықтықты арттырады. Бірқатар ішкі нормативтік құжаттар өзектендірілді, сондай-ақ, алғаш рет Қордың қызметін 3 жылға қаржыландыру бойынша жұмыс жүргізілді.


Қор өз алдына 2023 жылға жүктеген негізгі міндеттерді орындалды деп айтуға болады.

Мен өз кезегімде, Қамқоршылар кеңесінің мүшелеріне, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ мен Туризм және спорт министрлігіне, серіктестерімізге, сондай-ақ әріптестерімізге ерекше алғысымды білдіремін. 2024 жыл барлығымыз үшін табысты, жарқын жеңістерге толы болсын!

# ҚОР ТУРАЛЫ

## О ФОНДЕ

Млрд теңге



**Қор 2020 жылдан бастап дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі бірыңғай оператор.**

*С 2020 года Фонд поддержки спорта является Единым оператором по распределению внебюджетных денежных средств, направленных на развитие физической культуры и спорта.*



# ТАПСЫРМАЛАР & ПРИНЦИПТЕР

## ЗАДАЧИ & ПРИНЦИПЫ

### МІНДЕТТЕРІ | ЗАДАЧИ

1

**Кәсіби және әуесқой спортты қолдау**

Поддержка профессионального и любительского спорта



2

**Бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту**

Развитие массового и детско-юношеского спорта

3

**Спорттық жобаларды, сондай-ақ бірыңғай оператордың бағдарламаларын қаржыландыру мақсатында демеушілерді, Қайырымдылық жасаушыларды ынтымақтастыққа тарту**

Привлечение к сотрудничеству спонсоров, благотворителей с целью финансирования спортивных проектов, а также программ Единого оператора

### ЖҰМЫС ПРИНЦИПТЕРІ | ПРИНЦИПЫ РАБОТЫ

Қызметтің ашықтығы



Прозрачность деятельности

Тиімділік



Эффективность

Әлеуметтік маңыздылық



Социальная значимость

Жүйелілік



Системность

# САНДАР ЦИФРЫ

2023 жылы Sport Qory командасы қайырымдылық көмек көрсетуге

*В 2023 году командой Sport Qory было принято и обработано*

# 134

өтінішті өңдеді.

*заявления на оказание благотворительной помощи.*

Жалпы сомасы  
29,6 млрд  
теңгеге

*Утвержден  
и профинансирован*

# 81

жоба бекітіліп, қабылданды (Қор басқаратын кәсіби клубтарды қоса алғанда).

*проект на общую сумму 29,6 миллиарда тенге (включая профессиональные клубы под управлением Фонда).*

Бөлінген қайырымдылық көмектің

# 20 %

жасөспірімдер мен балалар спортын дамытуға бағытталды.

*от общей суммы финансирования спортивные организации направили на развитие детско-юношеского спорта.*

# 34

спорттық ұйым құрал-жабдықпен қамтамасыз етілді.

*спортивных организаций были обеспечены спортивным инвентарем.*

## 2022 жылмен салыстырғанда төмендегі спорт түрлері бойынша қаржыландыру ұлғайды:

По сравнению с 2022 годом увеличено финансирование по следующим видам спорта:

Олимпиадалық спорт түрлері

*Олимпийские виды спорта*

54 %

Паралимпидалық, сурдалимпидалық спорт түрлері

*Паралимпийские, сурдлимпийские виды спорта*

365 %

Ұлттық спорт түрлері


*Национальные виды спорта*

14 %

Бұқаралық спорт түрлері

*Массовые виды спорта*


17 %



@sportqory



@sportqory






sportqory.kz

Каз info@sport.kz +7717 295 40 17


ҚОР ТУРАЛЫ ЖОБАЛАР ЖАҢАЛЫҚТАР КЛУБТАР СЕРІКТЕСТЕР ҚҰЖАТТАР F&O ВАКАНСИЯЛАР САТЫП АЛУ КОМПЛЕНС [Өтініш беру](#)

## СЕРБИЯДАҒЫ ТУРНИРДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ 8 БОКСШЫ ФИНАЛҒА ӨТТІ



Спортты қолдау қоры

Қор дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі бірыңғай оператор болып табылады. Ұйым қайырымдылық көмек көрсетуге өтініштерді қабылдаумен, өңдеумен және талдаумен айналысады. Жобалар бойынша шешімдерді Қордың Қамқоршылық кеңесі қабылдайды.



## ЖАҢАЛЫҚТАР

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ЖАҢАЛЫҚТАР: [INSTAGRAM](#)



# ЖОБАЛАР

*ПРОЕКТЫ*

# 2023



# **ОЛИМПИАДАЛЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ**

**ОЛИМПИЙСКИЕ  
ВИДЫ СПОРТА**



4 627 211 918

ОЛИМПИАДАЛЫҚ  
СПОРТ ТҮРЛЕРІН  
ҚОЛДАУ СОМАСЫ

*Сумма поддержки  
олимпийских видов спорта*





# ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ФУТБОЛА



kff.kz 

Kazakhstan Football Federation 

kff\_team 

@KFF\_TV 

### ЖОБА | ПРОЕКТ

2023 жылға арналған Қазақстан Республикасының футболдан Ұлттық құрама командаларын (ұлттық құрама, әйелдер ұлттық құрамасы, 21 жасқа дейінгі жастар құрамасы, U19, U18, U17, U16, U15 жасөспірімдер құрамалары, U19, U17 әйелдер жасөспірімдер құрамалары) қамтамасыз ету және дамыту.

*Обеспечение и развитие Национальных сборных команд Республики Казахстан по футболу на 2023 год (Национальная сборная, Женская Национальная сборная, Молодежная сборная до 21 года, Юношеские сборные U19, U18, U17, U16, U15, Женские Юношеские сборные U19, U17)*

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізуге арналған шығындар, ҚР шегінде және одан тыс жерлерде оқу-жаттығу жиындарына және жарыстарға қатысу бөлігінде қолдау көрсетілді.

*В части расходов на проведение спортивных мероприятий, участия в УТС и участия в соревнованиях в пределах и за пределами РК.*





2023 жыл қазақстандық футбол үшін табысты жыл болды. Еуро-2024 іріктеу кезеңінде Қазақстан ұлттық құрамасы «Н» тобында өнер көрсетіп, Дания, Сан-Марино, Солтүстік Ирландия және Финляндияны жеңіп, алты жеңіске жетті. Отандық команда топта төртінші орынға ие болды.



Қазақстан құрамасы U-17 «Даму кубогы-2023» халықаралық турнирінің күміс медалін жеңіп алды, ал жерлесіміз Әбілқайыр Әлиақбар жарыстың үздік қақпашысы атанды.



Сонымен қатар, Қазақстан әйелдер құрамасы УЕФА Ұлттар Лигасының топтық кезеңінде өнер көрсетті. Алты матчтан кейін Мадияр Кембиловтың шәкірттері сегіз ұпайға ие болды. Отандастарымыз Арменияны екі ойында да жеңіп, Эстония мен Израильмен тең түсті.



Ал жыл соңында шағын футболдан Қазақстан құрамасы Әлем чемпионатына жолдама алды.



*2023 год был успешным для казахстанского футбола. В отборочном этапе Евро-2024 национальная сборная Казахстана выступала в группе «Н», где одержала шесть побед, обыграв Данию, Сан-Марино, Северную Ирландию и Финляндию.*



*Отечественная команда заняла четвертое место в группе. Сборная Казахстана U-17 завоевала серебряную медаль международного турнира «Кубок Развития-2023». А лучшим вратарем соревнований стал голкипер отечественной команды – Абилхаир Алиакбар.*



*Помимо этого, женская сборная Казахстана выступила в групповом этапе Лиги наций УЕФА. После шести матчей подопечные Мадияра Кембилова имеют в активе восемь очков. Футболистки обыграли Армению в обоих матчах и сыграли вничью с Эстонией и Израилем.*



*А в конце года сборная Казахстана по мини-футболу завоевала путевку на чемпионат мира.*



# ҰЛТТЫҚ ОЛИМПИАДА КОМИТЕТІ

## НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОЛИМПИЙСКИЙ КОМИТЕТ



### ЖОБА | ПРОЕКТ

1. Жарғылық қызметті іске асыру, оның ішінде «Олимпиада күні» және Fun Run іс-шараларын ұйымдастыру;

2. XIX Азия ойындарына қатысу, Ханчжоу-2022

1. Реализация уставной деятельности, в том числе организация мероприятий «Олимпийский день» и Fun Run

2. Участие в XIX-х Азиатских играх, Ханчжоу-2022

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық жарыстарды өткізу, ҚР шегінен тыс жарыстарға қатысу, басқару аппаратын ұстауға және PR мен маркетингке жұмсалатын шығындар, спорт құрал-жабдықтарын, сондай-ақ спортқа арналған басқа да тауарларды сатып алу бөлігінде қолдау көрсетілді.

*В части проведения спортивных соревнований, участия в соревнованиях за пределами РК, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг, приобретения спортивного инвентаря, экипировки и других товаров для спорта.*

olympic.kz

@olympickaz

@olympickz

@olympickz



2023 жылы Ханчжоу-2022 XIX Жазғы Азия ойындары өтті. Жарыс қорытындысы бойынша қазақстандық спортшылар 80 медаль жеңіп алды: 10 алтын, 22 күміс және 48 қола. 2023 жылғы Ханчжоу-2022 Азия ойындарын қолдау және ілгерілету аясында Алматыда Fun Run жарысы өтті. Жарысқа әр түрлі жас санаттарындағы 300-ден астам жас спортшылар қатысты. Ал 23 маусымда Халықаралық Олимпиада күніне орай Астанада олимпиада чемпиондары мен жүлдегерлерінің шеберлік сыныптары, эстафеталар, жарыстар және байқаулар ұйымдастырылып, үлкен спорт мерекесі өтті.

*В 2023 году состоялись XIX летние Азиатские игры-2022 в Ханчжоу. По итогам соревнований казахстанские спортсмены завоевали 80 медалей: 10 золотых, 22 серебряных и 48 бронзовых. В рамках поддержки и продвижения Азиатских игр в Ханчжоу в Алматы состоялся забег Fun Run. Участие в соревнованиях приняли более 300 юных спортсменов в различных возрастных категориях. А 23 июня в честь Международного Олимпийского дня в Астане прошел большой праздник спорта с мастер-классами от олимпийских чемпионов и призеров, эстафетами, состязаниями и конкурсами.*

# ҚАЗАҚСТАН ТЕННИС ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ТЕННИСА



### ЖОБА | ПРОЕКТ

**2023 жылы Қазақстан Республикасының теннис бойынша ұлттық құрама командаларын даярлау**

*Подготовка национальных сборных команд по теннису Республики Казахстан в 2023 году*

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Оқу-жаттығу жиындарына және ҚР аумағынан тыс жарыстарға қатысуға, спорттық құрал-жабдықтар сатып алуға, сондай-ақ жаттықтырушыларға еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді.

*В части расходов на участие в УТС и в соревнованиях за пределами РК, приобретения спортивного инвентаря, экипировки, а также в части оплаты труда тренерам.*

ktf.kz   
@ktf.kz   
@KazakhstanTennisFederation   
@ktf\_kz   
@ktf\_kz 



Sport Qory қолдауымен Қазақстан құрамасы Болгариядағы Дэвис Кубогына және Севильядағы Билли Джин Кинг Кубогына қатысты. Дэвис кубогының қорытындысы бойынша отандық команда командалық әлем чемпионатына жолдама алды. Билли Джин Кинг Кубогының финалдық кезеңінде қазақстандық теннисшілер өз тобында екінші орынға ие болып, әлемдік біріншіліктің үздік 8 құрамасы қатарына енді. Сондай-ақ, 2023 жылы Шымкентте 12 жасқа дейінгі балалар арасында Азия командалық біріншілігінің финалдық кезеңі өтті (ITF Asia 12 & under team Competition Finals 2023), онда ел құрамасы үшінші орынға ие болды.



*При поддержке Sport Qory сборная Казахстана приняла участие в нескольких международных турнирах – Кубке Дэвиса в Болгарии и Кубке Билли Джин Кинг в Севилье. По итогам Кубка Дэвиса отечественная команда получила путевку в квалификацию командного чемпионата мира. В финальной стадии Кубка Билли Джин Кинг казахстанские теннисистки заняли второе место в своей группе, войдя в 8-ку сильнейших мирового первенства. Также в 2023 году в Шымкенте состоялся финальный этап командного первенства Азии среди детей до 12 лет (ITF Asia 12 & under Team Competition Finals 2023), где сборная страны завоевала третье место.*

# ҚАЗАҚСТАН ВОЛЕЙБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ВОЛЕЙБОЛА



### ЖОБА | ПРОЕКТ



volley.kz



@volleyfederationkz



@KazakhstanVolleyballFederation

Волейболды дамыту және таңымал ету

*Развитие и популяризация волейбола*



### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

ҚР шегінен тыс жарыстарға қатысу, ҚР шегінде ОЖЖ-на қатысу, жаттықтырушылар мен мамандарға еңбекақы төлеу, сондай-ақ басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді.

*В части участия в соревнованиях за пределами РК, участия в УТС в пределах РК, оплаты труда тренерам и специалистам, а также в части расходов на содержание аппарата управления.*



2023 жылы Қазақстан ерлер құрамасы 2022 жылғы Азия ойындарында жағажай волейболынан қола жүлдеге ие болды. Әйелдер құрамасы жағажай волейболынан Азия құрлықтық кубогы кезеңінің чемпионы атанды. Сонымен қатар Орталық Азия аймақтық қауымдастығының (CAVA – Central Asian Volleyball Association) қолдауымен өткен турнирде жеңіске жеткен U-16 қыздар командасының жетістігін де ерекше атап өткен жөн.

*В 2023 году мужская сборная Казахстана завоевала бронзу по пляжному волейболу на Азиатских играх-2022. Женская сборная стала чемпионом этапа Континентального кубка Азии по пляжному волейболу. Стоит отметить успех команды девушек U-16, которые выиграли турнир, прошедший под эгидой Центральноазиатской зональной ассоциации (CAVA – Central Asian Volleyball Association).*





# ҚАЗАҚСТАН ХОККЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ХОККЕЯ



### ЖОБА | ПРОЕКТ

1. Қазақстандық хоккейді дамыту, Қазақстан Республикасы Ұлттық құрама командаларының әлем чемпионаттарына, халықаралық және ұлттық сайыстарға/турнирлерге қатысу.
2. ҚР-да шайбалы хоккейді насихаттау және дамыту.

*1. Развитие казахстанского хоккея, участие Национальных сборных команд Республики Казахстан в чемпионатах мира, международных и национальных соревнованиях/турнирах в 2023 году.*

*2. Популяризация и развитие хоккея с шайбой в РК.*

icehockey.kz

@kazakhstanhockey


@kazakhstanhockey

@kazakhstanhockey

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Іс-шараларды өткізуге және PR мен маркетингке арналған шығындар, ҚР шегінен тыс жарыстарға қатысу, спорттық құрал-жабдықтарды сатып алу, үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыру, басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді.

*В части расходов на проведение мероприятий, расходов на PR и маркетинг, участия в соревнованиях за пределами РК, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления.*



2023 жылдың басты оқиғасы ұлттық құраманың Латвия мен Финляндияда өткен Әлем чемпионатында өнер көрсетуі болды. Команда элиталық дивизионның «В» тобында 7 ұпаймен алтыншы орынға ие болды.

Жасөспірімдер құрамасы жасөспірімдер арасындағы хоккейден Әлем чемпионатында (U-18) бірінші орынды және «Президенттік спорт клубының Кубогы-2023» турнирінде екінші орынды иеленді.

Ал жыл соңында хоккейден Қазақстан жастар құрамасы ІА дивизионында хоккейден жастар арасындағы Әлем чемпионатын жеңіп алып, элиталық дивизионға оралды.

Осылайша, 2024 жылы бірден үш құрама – жасөспірімдер, жастар және ұлттық құрамалар Әлем чемпионатының топ-дивизионында өнер көрсететін болады.



*Главным событием стало выступление национальной сборной на чемпионате мира в Латвии и Финляндии. Команда заняла шестое место в группе «В» элитного дивизиона, набрав 7 очков.*

*Юношеская сборная заняла первое место на чемпионате мира по хоккею среди юношей (U-18) и второе место турнира «Кубок Президентского Спортивного Клуба-2023».*

*А в конце года молодежная сборная Казахстана по хоккею вернулась в элитный дивизион, выиграв молодежный чемпионат мира по хоккею в дивизионе ІА.*

*Таким образом, в 2024 году сразу три сборные – юношеская, молодежная и национальная – выступят в топ-дивизионе чемпионата мира.*

# ҰЛТТЫҚ ШАҢҒЫ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

## НАЦИОНАЛЬНАЯ ЛЫЖНАЯ АССОЦИАЦИЯ



skisport.kz

@kaz\_ski\_association



### ЖОБА | ПРОЕКТ

1. Фристайл могулдан ҚР ҰҚК мүшелері Городко Анастасия мен Галышева Юлианы медициналық тексерістен өткізу және бұдан әрі оларды емдеу
2. Могул және шаңғы акробатикасы дисциплиналары бойынша FIS Әлем кубогінің Финалды кезеңдерін өткізуге шығыстарды өтеу
3. Фристайл-могул бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық құрамасы үшін жабдықтар сатып алу

*1. Проведение медицинского обследования и дальнейшее лечение членов НСК РК по фристайл-могулу Городко Анастасии и Галышевой Юлии*

*2. Возмещение расходов на проведение Финальных этапов Кубка мира FIS по фристайлу в дисциплинах могул и лыжная акробатика*

*3. Приобретение экипировки для национальной сборной Республики Казахстан по фристайл-могулу*

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спортшыларға медициналық қызмет көрсету, спорттық іс-шаралар өткізу, жабдықтар сатып алу бөлігінде қолдау көрсетілді.

*В части медицинского обслуживания спортсменов, проведения спортивных мероприятий, приобретения экипировки.*





2023 жылғы негізгі оқиға FIS фристайл бойынша Әлем кубогының соңғы кезеңдерін могул, параллель могул және шаңғы акробатикасы пәндерінде өткізу болды. Жарысқа 13 елдің үздік спортшылары қатысты. Сонымен қатар, 2023 жылы Қордың қолдауымен Әлем чемпионаттары мен Еуропа кубогының жүлдегерлері Анастасия Городко мен Юлия Галышева операциядан кейінгі оңалту курсынан өтті. Сондай-ақ, фристайл-могул ұлттық құрамасының жабдықтары жаңартылды.



*Главным событием стало проведение финальных Этапов Кубка Мира FIS по фристайлу в дисциплинах могул, параллельный могул и лыжная акробатика. В соревнованиях приняли участие лучшие спортсмены из 13 стран. Кроме того, в 2023 году при поддержке Фонда спортсменки и призеры чемпионатов мира и кубка Европы Анастасия Городко и Юлия Галышева прошли лечение и курс послеоперационной реабилитации. Также была обновлена экипировка национальной сборной по фристайл-могулу.*

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА ФЕДЕРАЦИЯСЫ ФЕДЕРАЦИЯ ЛЕГКОЙ АТЛЕТИКИ РК



## ЖОБА | ПРОЕКТ

qazathletics.kz @qazathletics

1. Астана қ. 2023 жабық кешенде жеңіл атлетикадан X чемпионатты ұйымдастыру және өткізу
2. Жеңіл атлетикадан «XXXII Qosanov Memorial World Athletics Continental Tour Bronze Level» халықаралық турнирі
3. Қазақстан Республикасында жеңіл атлетиканы танымал ету және дамыту



1. Организация и проведение X чемпионата по легкой атлетике в помещении г. Астана 2023
2. Международный турнир по легкой атлетике "XXXII Qosanov Memorial World Athletics Continental Tour Bronze Level"
3. Популяризация и развитие легкой атлетики в Республике Казахстан

## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу, спорттық құрал-жабдықтар мен спортқа арналған басқа да тауарларды сатып алу, басқару аппаратын ұстауға және PR мен маркетингке арналған шығындар, спортшыларға, жаттықтырушылар мен мамандарға жалақы төлеу бөлігінде қолдау көрсетілді.

*В части проведения спортивных мероприятий, приобретения спортивного инвентаря, экипировки и других товаров для спорта, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг, выплат заработной платы спортсменам, тренерам и специалистам.*

Қордың қолдауымен Астанада алғаш рет жабық кешенде жеңіл атлетикадан X Азия чемпионаты өтті. Жарыс қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы жалпы командалық есепте 2 орын алып, 12 медаль (6 алтын, 3 күміс және 3 қола) жеңіп алды. Жазда Алматыда XXXII Qosanov Memorial World Athletics Continental Tour Bronze Level жеңіл атлетикадан дәстүрлі турнир өтті. Аталмыш дода Олимпиада ойындары мен 2024 жылғы жеңіл атлетикадан Әлем чемпионатының іріктеу кезеңі болды. Сондай-ақ, федерация түрлі жас санаттарында ҚР чемпионаттарын өткізді, спортшылар халықаралық жарыстарда бақ сынады, соның ішінде Ханчжоуда өткен Азия ойындарында құрама спортшылары ел қоржынына 4 қола жүлде салды.



При поддержке Фонда в Астане впервые прошел X Чемпионат Азии по легкой атлетике в закрытых помещениях. По итогам соревнования сборная Казахстана завоевала 12 медалей (6 золотых, 3 серебряные и 3 бронзовые), заняв 2 место в общекомандном зачете. Летом в Алматы состоялся традиционный турнир по легкой атлетике XXXII Qosanov Memorial World Athletics Continental Tour Bronze Level, который стал отборочным этапом на Олимпийские игры и Чемпионат мира по легкой атлетике 2024. Также федерацией проводились чемпионаты РК в разных возрастных категориях, спортсмены приняли участие в международных соревнованиях, в том числе Азиатских играх в Ханчжоу, где легкоатлеты принесли в копилку национальной сборной 4 бронзовые медали.



# СУ СПОРТЫ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ФЕДЕРАЦИЯ ВОДНЫХ ВИДОВ СПОРТА ЖОБА | ПРОЕКТ

 aquatics.kz

 @aquatics.kz

1. Әлем және Азия чемпионаттарында табысты өнер көрсету үшін су спорт түрлері бойынша ҚР Жастар және жасөспірімдер ұлттық құрама командаларын даярлау
2. Ханчжоу-2023 Жазғы Азия ойындарында Су спорты түрлері бойынша ҚР Ұлттық құрама командаларының табысты өнер көрсетуі

*1. Подготовка молодежных и юношеских национальных сборных команд РК по водным видам спорта для успешного выступления на Чемпионатах мира и Азии*

*2. Успешное выступление национальных сборных команд РК по водным видам спорта на Летних Азиатских играх в Ханчжоу-2023*

## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

ҚР шегінен тыс жарыстарға, ОЖЖ-на қатысу, жаттықтырушылар мен спортшылардың еңбегіне ақы төлеуге, жабдықтар сатып алуға, басқару аппаратын ұстауға және PR мен маркетингке жұмсалатын шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді.

*В части участия в соревнованиях за пределами РК, участия в УТС, расходов на оплату труда тренеров и спортсменов, приобретения экипировки, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг*



2023 жылғы федерацияның маңызды жетістігі қазақстандық спортшы Эдуард Ким «әртістік жүзу – техникалық соло» пәнінде Әлем чемпионатының қола медалын жеңіп алды. Ал Азия ойындарының қорытындысы бойынша Су спорты бойынша құрама 6 қола медаль жеңіп алды: екеуі жүзуде, екеуі көркем жүзуде және екеуі су полюсында (ерлер мен әйелдер). Спортшылар жеке пәндер мен эстафеталарда Қазақстанның 11 рекордын орнатты. 2023 жылы су спорты түрлері бойынша жастар мен жасөспірімдер құрама командалары негізгі халықаралық стартарға, соның ішінде Әлем чемпионаттарына қатысты.

*Важным достижением Федерации в 2023 году стала бронзовая медаль Чемпионата мира, которую завоевал казахстанский спортсмен Эдуард Ким в дисциплине «артистическое плавание – техническое соло». А по итогам Азиатских игр, сборная по водным видам спорта завоевала 6 бронзовых медалей: две в плавании, две в артистическом плавании и две в водном поло (мужчины и женщины). Спортсмены установили 11 рекордов Казахстана в индивидуальных дисциплинах и эстафетах. В 2023 году молодежные и юношеские сборные команды по водным видам спорта приняли участие в основных международных стартах, в том числе чемпионатах мира.*



# ҰЛТТЫҚ БАСКЕТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

НАЦИОНАЛЬНАЯ ФЕДЕРАЦИЯ БАСКЕТБОЛА



nbf.kz 

@nbfkz 

## ЖОБА | ПРОЕКТ

U16 Азия чемпионатының “САВА” біліктілік турниріне қатысу үшін баскетболдан Қазақстан Республикасының жасөспірімдер құрамасын қаржыландыру жобасы

*Проект по финансированию юношеской сборной Республики Казахстан по баскетболу для участия в Квалификационном турнире «САВА» чемпионата Азии U16*

## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спортшыларға медициналық қызмет көрсету, спорттық іс-шаралар өткізу, жабдықтар сатып алу бөлігінде қолдау көрсетілді.

*В части медицинского обслуживания спортсменов, проведения спортивных мероприятий, приобретения экипировки.*

26-30 маусым аралығында баскетболдан U16 Қазақстан Республикасының жасөспірімдер құрамасы Орталық Азия чемпионатында жеңіске жетіп, Азия Кубогына жолдама алды. Турнирге Қазақстаннан басқа Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстан құрамалары қатысты.

*26-30 июня юношеская сборная Республики Казахстан по баскетболу U16 выиграла в квалификационном чемпионате Центральной Азии и вышла на Кубок Азии. Помимо Казахстана в турнире приняли участие сборные Узбекистана, Кыргызстана и Туркменистана.*





TTFRK

ttfrk.kz

@ttfrk

# ҚР ҮСТЕЛ ТЕННИСИ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## ФЕДЕРАЦИЯ НАСТОЛЬНОГО ТЕННИСА РК

### ЖОБА | ПРОЕКТ

Халықаралық турнирлерді өткізу

*Проведение международных турниров*



### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Іс-шараларды өткізуге және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді

*В части расходов на проведение мероприятий, расходов на маркетинг и PR*

Қордың қолдауымен 25-28 шілде аралығында Алматыда бес жас санатындағы үстел теннисі бойынша WTA Youth Contender Almaty Халықаралық жасөспірімдер турнирі өтті. Жарысқа 13 елден 159 спортшы қатысты: Қытай Тайбэй, Гонконг, АҚШ, БАӘ, Италия, Бельгия, Оман, Иран, Үндістан, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан және Қазақстан. Қазақстандық спортшылар 2 күміс және 7 қола медаль жеңіп алды.

*При поддержке Фонда с 25 по 28 июля в Алматы прошел международный юношеский турнир WTT Youth Contender Almaty по настольному теннису в пяти возрастных категориях. В соревнованиях приняли участие 159 спортсменов из 13 стран: Китайского Тайбэя, Гонконга, США, ОАЭ, Италии, Бельгии, Омана, Ирана, Индии, Кыргызстана, Туркменистана, Узбекистана и Казахстана. Казахстанские спортсмены завоевали 2 серебряные и 7 бронзовых медалей.*

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ВЕЛОСИПЕД СПОРТЫ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

*КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ВЕЛОСИПЕДНОГО СПОРТА*

cycling.kz 

@kazcycling 

@kcfkz 

## ЖОБА | ПРОЕКТ

«Қазақстанның велосипед спорты федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жарғылық қызметін қамтамасыз ету

*Обеспечение уставной деятельности РОО «Казakhstanская федерация велосипедного спорта»*

## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу, спорттық құрал-жабдықтарды сатып алу, үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыру, басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді.

*В части проведения спортивных мероприятий, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления.*



2023 жыл федерация үшін сәтті өтті. Қазақстандық велошабандоздар Алексей Луценко, Евгений Федоров Ханчжоуда өткен 2022 жылғы Азия ойындарының алтын медалін жеңіп алса, Рината Сұлтанова қола жүлдегер атанды. Astana Qazaqstan Team командасының шабандозы және құрама көшбасшысы Алексей Луценко 2023 жылы автомобиль жолында велоспорттан Қазақстанның Ұлттық чемпионы атанды. Қазақстан құрамасы Азия чемпионатында жақсы нәтиже көрсетті. Жалпы, отандық велосипедшілер 14 медаль жеңіп алды: 9 күміс және 5 қола. 2024 жыл да табысты болады деп күтілуде. Федерация автомобиль жолында велоспорттан Азия чемпионатын өткізеді.




2023 год был успешным для федерации. Казахстанские велогонщики Алексей Луценко, Евгений Федоров завоевали золотые медали Азиатских игр-2022 в Ханчжоу, а Рината Султанова стала бронзовым призером. Гонщик команды Astana Qazaqstan Team и лидер сборной Алексей Луценко стал национальным чемпионом Казахстана 2023 года по велоспорту на шоссе. Сборная Казахстана показала хороший результат на чемпионате Азии. В общей сложности отечественные велосипедисты завоевали 14 медалей: 9 серебряных и 5 бронзовых. 2024 год обещает быть не менее плодотворным, федерация проведет чемпионат Азии по велоспорту на шоссе.





# ҰЛТТЫҚ СЕМСЕРЛЕСУ ФЕДЕРАЦИЯСЫ НАЦИОНАЛЬНАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ФЕХТОВАНИЯ

 kazfencing.kz

 @kazakhstan\_fencing



## ЖОБА | ПРОЕКТ

2023 жылға арналған Қазақстан Республикасында семсерлесуді дамыту бағдарламасы

*Программа развития фехтования в Республике Казахстан на 2023 год*

## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

ҚР тыс жерлерде ОЖЖ-на және жарыстарға қатысуға, спортшылар мен жаттықтырушыларға еңбекақы төлеуге, спорттық құрал-жабдықтар сатып алуға, сондай-ақ басқару аппаратын ұстауға арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді.

*В части расходов на участие в УТС и соревнованиях за пределами РК, оплаты труда спортсменам и тренерам, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, а также расходов на содержание аппарата управления.*





2023 жылы семсерлесуден Қазақстан құрамасы Ханчжоуда өткен Азия ойындарында үш медаль жеңіп алды. Сондай-ақ, қазақстандық спортшылар Әлем кубогы мен Әлем чемпионатында жүлделі орындарға ие болды. Сонымен қатар, Федерация Алматыда 23 жасқа дейінгі жастар арасында семсерлесуден Азия чемпионатын өткізді. Бұл турнирге 17 елден 200-ден астам спортшы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша біздің спортшылар үш қола және екі күміс медаль жеңіп алды.

*В 2023 году сборная Казахстана по фехтованию завоевала три медали на Азиатских Играх в Ханчжоу. Также казахстанские спортсмены заняли призовые места на чемпионате и Кубке мира. Плюс ко всему федерация провела в Алматы Чемпионат Азии по фехтованию среди молодежи до 23-х лет. Более 200 спортсменов из 17 стран приняли участие в этом турнире. По итогам соревнований наши атлеты выиграли три бронзовые и две серебряные медали.*

# ҚР АТ СПОРТЫ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## ФЕДЕРАЦИЯ КОННОГО СПОРТА РК



### ЖОБА | ПРОЕКТ

Қазақстан Республикасында ат-жарыс спортын дамыту

 kazequestrian.kz

 @equestrian\_kz

*Развитие конного спорта в Республике Казахстан*

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

ҚР шегінде жарыстарға қатысуға, үздіксіз спорт процесін ұйымдастыруға, жаттықтырушыларға жалақы төлеуге, басқару аппаратын ұстауға және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді.

*В части расходов на участие в соревнованиях в пределах РК, организации непрерывного спортивного процесса, выплат заработной платы тренерам, расходов на содержание аппарата управления, расходов на PR и маркетинг.*

Қазақстан командасының «Кіші Ұлттар Кубогы» Еуразиялық ойындарында үшінші орын алуы жылдың басты жетістігі болды. Федерация бірқатар жарыстар өткізді, соның ішінде конкурдан ҚР чемпионаты, көркем жүрістен Қазақстан Республикасы Ат спорты федерациясының кубогы, үшсайыстан ҚР Кубогы, көркем жүрістен ел чемпионаты.



*Главным достижением стало завоевание третьего места команды Казахстана на Евразийских играх «Малый Кубок наций». Федерация провела ряд соревнований, в том числе чемпионат РК по конкуру, Кубок Федерации конного спорта Республики Казахстан по выездке, Кубок РК по троеборью, чемпионат страны по выездке.*



# ЭЛИЗАБЕТ ТҰРСЫНБАЕВАНЫ ҚОЛДАУ ҚОРЫ

## ФОНД ПОДДЕРЖКИ ЭЛИЗАБЕТ ТУРСЫНБАЕВОЙ

📷 elizabetkz\_academy

### ЖОБА | ПРОЕКТ

Элизабет Тұрсынбаеваның мәнерлеп сырғанау академиясының базасында 2023 жылға республикалық және халықаралық жарыстарға қатысу үшін мәнерлеп сырғанаушыларды даярлау

*Подготовка фигуристов для участия на республиканских и международных стартах на базе Академии фигурного катания Элизабет Турсынбаевой на 2023 год*

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Жаттықтырушыларға еңбекақы төлеу, үздіксіз спорт процесін ұйымдастыру, басқару аппаратын ұстауға жұмсалатын шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді.

*В части оплаты труда тренерам, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления.*



2023 жылы Элизабет Тұрсынбаеваның мәнерлеп сырғанау Академиясының түлектері халықаралық және республикалық турнирлердің жүлдегерлері атанды. Ұйым шақырылған мамандармен, соның ішінде Этери Тутберидзе, Алексея Мишина, Мориса Квителашвили, Алисой Лозконың қатысуымен шеберлік сыныптары мен жиындар өткізді.

*В 2023 году выпускники Академии фигурного катания Элизабет Турсынбаевой становились призерами международных и республиканских турниров. Организация проводила мастер-классы и сборы с приглашенными специалистами, в том числе с участием Этери Тутберидзе, Алексея Мишина, Мориса Квителашвили, Алисой Лозко.*

# ЕСУ СПОРТЫ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША «ҚАЙЫҚ ФЕДЕРАЦИЯСЫ»



## «ФЕДЕРАЦИЯ КАЙЫК» ПО ГРЕБНЫМ ВИДАМ СПОРТА

### ЖОБА | ПРОЕКТ

Facebook @kaikfederation

Instagram @qaiyqfederation

1. Қазақстан Республикасының ескек есу спорт түрлерінде бұқаралықты дамыту, жасөспірімдер, жастар және ересектер, әлем чемпионаттарында ескек есу спорт түрлерінің табысты өнер көрсетуі
2. Ұлттық құрама командасын спорттық мүкәммалмен қамтамасыз ету

1. Развитие массовости в гребных видах спорта РК, успешное выступление гребных видов спорта на юношеских, молодежных и взрослых чемпионатах мира
2. Обеспечение национальной сборной команды спортивным инвентарем



### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізуге, спорттық құрал-жабдықтар сатып алуға, спортшылар мен жаттықтырушыларға еңбекақы төлеуге, үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыруға, басқару аппаратын ұстауға арналған шығыстар бөлігінде қолдау көрсетілді.

*В части расходов на проведение спортивных мероприятий, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, выплат заработных плат спортсменам и тренерам, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления*



2023 жылы байдарка мен каноэде есу, ескек есу және слаломда есуден ұлттық құрама спортшылары 23 алтын, 38 күміс және 31 қола медаль жеңіп алды. Спортшылар әлем чемпионаттары мен Азия чемпионаттарына қатысты. Ханчжоудағы Азия ойындарында спортшылар 1 алтын, 8 күміс және 7 қола медаль жеңіп алды.



*За 2023 год спортсменами национальных сборных команд по гребле на байдарке и каноэ, академической гребле, гребному слалому было завоевано 23 золотых, 38 серебряных и 31 бронзовых медалей. Атлеты участвовали в чемпионатах мира, чемпионатах Азии. На Азиатских играх в Ханчжоу спортсмены выиграли 1 золотую, 8 серебряных и 7 бронзовых медалей.*



mountain.kz

@kazclimbing

# АЛЬПИНИЗМ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ АЛЬПИНИЗМ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## ФЕДЕРАЦИЯ АЛЬПИНИЗМА И СПОРТИВНОГО СКАЛОЛАЗАНИЯ

### ЖОБА | ПРОЕКТ

Қазақстан Республикасында альпинизм мен спорттық альпинизмді насихаттау

*Популяризация альпинизма и спортивного скалолазания в Республике Казахстан*

### ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА

Спорттық іс-шараларды өткізу, ҚР шегінде және одан тыс жерлерде ОЖЖ мен жарыстарға қатысу, спорттық құрал-жабдықтарды сатып алу, жаттықтырушыларға еңбекақы төлеу, үздіксіз спорттық процесті ұйымдастыру, басқару аппаратын ұстауға және PR мен маркетингке арналған шығындар бөлігінде қолдау көрсетілді.

*В части проведения спортивных мероприятий, участия в УТС и соревнованиях в пределах и за пределами РК, приобретения спортивного инвентаря и экипировки, оплаты труда тренерам, организации непрерывного спортивного процесса, расходов на содержание аппарата управления, расходов на маркетинг и PR.*



Қазақстанда жартастағы альпинизмнен алғашқы Азия Кубогы өтті – «1-st Asian Trad Rock Climbing Cup «Almaty-2023»». Турнирге Иран, Жапония, Корея және Қазақстан спортшылары қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша Қазақстанның құрамасы 1 және 3 орындарды иеленді. Сондай-ақ федерацияның еншісінде Әлем кубогының күмісі, альпинизмнен Әлем чемпионатының алтыны, альпинизмнен Азия Кубогының 2 медалі, балалар арасында спорттық альпинизмнен Азия чемпионатының 3 медалі бар. Ұйым сонымен қатар аутизмге шалдыққан балаларға арналған спорттық альпинизм фестивалін ұйымдастырып, БҰҰ аутизм проблемалары туралы бүкіл әлемге тарату бастамасын қолдады.

*В Казахстане прошел первый Кубок Азии по альпинизму в скальном классе – 1-st Asian Trad Rock Climbing Cup «Almaty-2023»». В турнире приняли участие спортсмены из Ирана, Японии, Кореи и Казахстана. По итогам выступлений связка Казахстана заняла 1 место и 3 место. Также на счету федерации серебро Кубка мира, золото чемпионата мира по альпинизму, 2 медали Кубка Азии по скалолазанию, 3 медали чемпионата Азии по спортивному скалолазанию среди детей. Организация также организовала фестиваль по спортивному скалолазанию для детей с аутизмом в поддержку инициативы ООН по всемирному распространению информации о проблемах аутизма.*

# ГРЕК-РИМ, ЕРКІН ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

## ФЕДЕРАЦИЯ ГРЕКО-РИМСКОЙ, ВОЛЬНОЙ И ЖЕНСКОЙ БОРЬБЫ ЖОБА | ПРОЕКТ

2023 жылы күрес түрлері бойынша  
ҚР ҰҚК-ына тиімді жаттығу және  
жарыс процестерін қамтамасыз ету



@kazwrestling\_official

*Обеспечение эффективного тренировочного и соревновательного процессов НСК РК по видам борьбы в 2023 году*

## ҚОЛДАУ | ПОДДЕРЖКА


